ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 30 қыркүйек іс №7119-25-00-2/8797 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Джакупов,
сот отырысының хатшысы А. Ерғазының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэронавигация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Lenkrad" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТРЕБОВАНИЯ ИСТЦА:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Талап қоюшының өкілі Атыгаев К.Ж.;
Жауапкердің өкілі Тастемиров Н.М.

<u>ОПИСАТЕЛЬНАЯ ЧАСТЬ.</u>

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэронавигация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен "Lenkrad" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Жеткізуші) арасында 2025 жылғы 17 маусымда жалпы сомасы 538 719 988,80 теңгеге №128/25 мемлекеттік сатып алу шарты жасалды.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жеткізуші «Келіссөздер тіркеушісі» жеткізуге міндеттенді.

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 07.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2025, судья Джакупов А. К., 24.12.2025

Шартқа қоса берілген техникалық ерекшелікке сәйкес, Жеткізуші шарт жасалған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

Мемлекетаралық авиация комитеті берген, жеткізілетін құжаттау және ақпаратты қайта шығару кешені құралдарының аэродромдар мен әуе жолдарының радиотехникалық жабдықтарына қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын жарамды үлгі сертификатының (бір немесе бірнеше) көшірмесін; Сапа талаптарына сәйкестігін растау мақсатында, жеткізуші құжаттау және ақпаратты қайта шығару кешенінің өндіруші зауытында тексерулер мен сынақтардың жүргізілгенін растайтын өндіруші компанияның кепілдік хатын ұсынуы тиіс.

2025 жылғы 11 қыркүйекте Шарт талаптары орындалмағаны үшін, талап қоюшы шартты біржақты тәртіпте бұзды.

Талап қоюшының талабына сәйкес, жауапкер мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамаған. Осыған байланысты, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі қойылған талаптарды қолдап, соттан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талапты мойындамады, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан жалтару ниеті болмағанын, алайда қызметтерді көрсету өзіне байланысты емес себептермен мүмкін болмағанын көрсетті. Осыны ескере отырып, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (8-баптың 5-тармағы).

Сот отырысында жауапкер мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны анық және сенімді түрде анықталды, атап айтқанда, 2025 жылғы 27 маусымға дейінгі мерзімде Тапсырыс берушіге Мемлекетаралық авиация комитеті берген қолданыстағы сертификат көшірмесін, сондай-ақ жабдық өндірушісінен кепілдік хатты ұсынбаған.

Іс бойынша анықталған мән-жайлар жеткізушінің шарт талаптарын орындамауына байланысты әрекеттеріне соттың сыни баға беруіне негіз болады, бұл оның жосықсыз екенін айқын көрсетеді. Жауапкердің кінәсін жоққа шығаратын мән-жайлар сот талқылауы барысында анықталған жоқ, сондай-ақ жеткізуші тарапынан дәлелдер ұсынылмады.

Шарт талаптарының бұзылуы салдарынан Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарлар айқын, себебі Талап қоюшы шарт жасасу

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 07.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.12.2025, судья Джакупов А. К., 24.12.2025
7119-25-3-1/8777

кезінде сеніп, үміт артқан затын ала алмады. Сонымен қатар, бұл жаңа сатып алуды ұйымдастыру үшін материалдық және адами ресурстарды қайта бағыттауды, сондай-ақ осы талап қоюды беру мен сотта қарауға жұмсалған шығындарды қажет етті.

Осыған байланысты, сот бұл іс бойынша жеткізушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға мүмкіндік беретін қажетті мән-жайлардың жиынтығы анықталған деген қорытындыға келеді.

Талапты қанағаттандыра отырып, сот сондай-ақ шарттың жеткізуші өз міндеттемелерін орындамағаны негізінде бұзылғанын, ал жауапкер бұл негіздерді дауламағанын назарға алады. Демек, жауапкер шарттың бұзылу себептерімен келіседі.

Жауапкер өкілінің уәждерін сот негізсіз деп таниды, себебі шартқа қол қоя отырып, жауапкер оның барлық талаптарымен келісті. Осыған орай, жауапкер Талап қоюшыға қызметтерді тиісінше көрсетуге міндетті болған.

Аталған жағдайда көрсетілген мән-жайлар жауапкердің кәсіпкерлік тәуекелі болып табылады.

Қазақстан Республикасы АПК 117-бабының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж сомасы ретінде 1 966 теңге өндіріп алу қажет.

<u>РЕЗОЛЮТИВНАЯ ЧАСТЬ</u>

Руководствуясь статьями 223-226 ГПК РК, **суд**

РЕШИЛ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

"Lenkrad" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Lenkrad" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нен республикалық бюджет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Джакупов А.К.**

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 07.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.12.2025, судья Джакупов А. К., 24.12.2025
7119-25-3-1/8777